**Автор**: Сыдыкова Лаура Бердибековна
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Программаларды құрудың кіріктірілген орталары
**Тақырып**: Таңдау операторы

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.3.3.1 - таңдау және қайталау операторларын программаны өңдеудің кіріктірілген ортасынында қолдану( Lazarus) |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: Lazarus ортасында таңдау операторын қолданады<br>Басым көпшілігі: Таңдау операторының модульдік және жобалық программасын салыстырады, айырмашылығын айтады Кейбірі: Таңдау операторына күнделікті өмірден мысал алып,жобасын ұсынады. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәндік лексика және терминология: Case,Month,ShowMessage,Caption, Alignment, Checked<br>Диалог/жазбаша жұмысқа қажетті пайдалы фразалар топтамасы:<br>-Таңдау операторының модульдік және жобалау программасында кодын жазады<br>-RadioButton компонентінің қасиеттері мен қызметін жазыңдар |
| Күтілетін нәтиже: | Оқушылардың жаңа тақырыпты толық меңгеруі |
| Бағалау критерийлері: | -Таңдау операторын Lazarus программаларында жазылу түрлерін қолдана алады.<br>- Таңдау операторының модульдік және жобалық программасын салыстырып, айырмашылығын айта алады<br>- Таңдау операторын жоба жасауда қолданып,өмірден мысал келтіріп,жобасын ұсына алады |
| Құндылықтарды дарыту: | Топпен бірлесе жұмыс жасау, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс жасау,пікірлерін тыңдау |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | |
| Пәнаралық байланыс: | Lazarus ортасында программаны ағылшын тілінде жазу |
| Бастапқы білім: | Программа жасаудың кіріктірілген ортасының құрамдас бөліктері |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(5мин) | Оқушылармен сәлемдесу,түгелдеу «Саусақ бірікпей- ине ілікпейді» (Оқушылар қолдарындағы ақ парақты бес саусақпен умаждайды және екінші қолдың көмегінсіз қайта жазады) Топқа біріктіру: «Мозайка» әдісі. Оқушылар компьютер құрылғылары салынған суретті құрастыру арқылы топқа бөлінеді<br>1 топ «Case»<br>2 топ « Caption»<br>Image not found or type unknown<br>Өткен сабақты пысықтау: «Сұрақ- жауап(» әдісі (Оқушылар өткен тақырып бойынша тапсырмаларды орындайды)<br>1.Программалау ортасында компонент қандай міндет атқарады?<br>2. Компоненттер орналасқан беттер неше бөліктен тұрады?<br>3.RadioGroup компоненті мен қасиеттерін қалай сипаттауға болады?<br>4.CheckBox компонентінің қызметін қалай сипаттаған болар едің?<br>5.Memo компоненттін пайдалануда оның қандай қасиеттерін қарастырасың?<br>6.Image компонентінің қызметі қандай? | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30мин) | **«Ой қозғау»** Күнделікті тұрмыста өзімізге керекті затты көп заттың ішінен қалай таңдап аламыз?<br><br>**«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі:** Оқушылар оқулықпен жұмыс жасайды.Оқып білгендерін топпен бірлесіп талқылайды. Ауызша мадақтау ынталандыру<br><br>**«Кім жылдам»** практикалық жұмыс<br>№1 тапсырма Ай нөміріне байланысты оның қай мезгілге жататынын экранға шығаратын модульдік программа құрыңыз<br>Дескрипторлар:<br>Image not found or type unknown<br>1. -Lazarus программалау ортасында жобасын құрып,батырмаларды дұрыс пайдаланады<br><br>-Батырмалардың атауларын дұрыс жазады<br>Image not found or type unknown<br><br>-Модульдік программа құрылымын жазады<br><br>Image not found or type unknown<br><br>**№2 тапсырма** Таңдау операторының модулдік және жобалық программасын салыстырыңдар,айырмашылығын айтыңдар.<br>Дескрипторлар:<br>-Таңдау операторының модульдік программасын айтады<br>-Таңдау операторының жобалық бағдарламасын айтады<br>-Модульдік және жобалық программа құрылымын салыстырады | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(3мин) | «Жалғасын тап»<br>Alignment - ……..<br>Checked - ……….<br>RadioButton - ……….<br>Image not found or type unknown Image not found or type unknown Image not found or type unknown | |
| Рефлексия<br>(2мин) | CheckBox - ……….<br>Рефлекция «3-2-1» стратегиясы Сабақта алған 3 маңызды ақпарат<br>Қиындық келтірген 2 мәселе Сабақта ұнаған 1 аспекті | |